

Round Table dedicated to the 15th anniversary of the beginning of the training of specialists in the field of law at NSU (Dnipropetrovsk, December 14, 2012). - Dnipropetrovsk, 2012. - P. 5-28.

2. Andreytsev V.I. Environmental law: Course of lectures: study guide. Kyiv: Venturi, 1996. – 208 p.

3. Deinega M. A. Problems of environmental legislation: conceptual principles of improving the system of natural resource legislation of Ukraine. // Southern Ukrainian legal journal. - 2023. - P. 169-174

## ҚАЗАҚСТАНДА ҚАТТЫ ТҰРМЫСТЫҚ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨНДЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

*Рустембекова Д.К., PhD, профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

*Нукушева А.А., з.ғ.к., профессор, Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті*

Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды басқару ұлттық деңгейдегі маңызды мәселе болып табылады. Сонымен бірге, тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару мәселесі Қазақстанда экологиялық саясат саласындағы өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнамасын жетілдіру және дамыту Қазақстан Республикасы мемлекетінің қоршаған ортаны қорғау, орнықты даму және климаттың өзгеруіне қарсы күрес саласындағы басым міндеттерінің бірі болып табылады.

Қатты тұрмыстық қалдықтармен ластанудың қауіптілігі оның көлемі үлкен территорияға, топыраққа, жерасты суларына, өсімдіктер, сол сияқты тірі организмдерге: жануарларға, құстарға және адамдарға әсерінен көрінеді. Сол сияқты, атмосфераға органикалық қалдықтардан шығатын газдар түріндегі шығарылым климаттың өзгеруіне әсер ететін негізгі факторы болып табылады.

Қазақстандағы күрделі экологиялық жағдай ел азаматтарының өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергі болып табылады. Аталған норма Қазақстан Республикасының ата Заңымызда мемлекет адамның өмір сүруі мен денсаулығына қолайлы айналадағы ортаны қорғауды мақсат етіп қоятыны туралы белгіленген (31-бап). Ал Қазақстан Республикасының азаматтары табиғатты сақтауға және табиғат байлықтарына ұқыпты қарауға міндетті екені бекітілген (38-бап) [3].

Қазақстан Республикасының Экология Кодексінің 367-бабының 1-тармағына сәйкес, тұрмыстық қатты қалдықтар деп қатты пішіндегі коммуналдық қалдықтар түсініледі [2].

Қалдықтарды қайта өңдеу деп мақсатына қарамастан өнімді, материалдарды немесе заттарды одан әрі өндіруде (дайындауда) пайдалану үшін жарамды болатын пайдалы құрамдастарды, шикізатты және материалдарды қалдықтардан алуға бағытталған механикалық, физикалық, химиялық және биологиялық процестер түсініледі [3].

Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі төмендеді. 2023 жылғы ұлттық индикаторды қайта есептегеннен кейін кезеңнің соңына дейін жоспарланған 27%-ға жету мүмкін болмайтыны белгілі болды. Соның салдарынан өңдеу үлесі өспей, тіпті азайған. Жиналған қалдықтардың көлеміне келетін болсақ, олар аздап азайды. Соңғы бір жылда Қазақстанда 4,1 млн тонна қатты тұрмыстық қалдықтар жиналды (2022 жылмен салыстырғанда 4,7% азайған).

Қазақстанның «жасыл» экономикаға көшу тұжырымдамасына сәйкес, 2030 жылға қарай елімізде коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу көрсеткіші 40%-ды құрауы тиіс. Бұл көрсеткішке қол жеткізілетіні әлі белгісіз, өйткені соңғы жылдары елімізде қалдықтарды басқару жүйесінің әр деңгейінде көптеген мәселелер жинақталған. Мәселен, халықтың қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау мен шығару қызметтеріне толық қол жеткізе алмауы.

Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі мәліметінше, қазақстандықтардың 19%-ы бұл қызметке қол жеткізе алмайды. Екінші үлкен мәселе — инфрақұрылымның баяу дамуы. Қазір елімізде 82 мың контейнер жетіспейді. Ірі қалалардағы коммуналдық кәсіпорындар қоқыс шығаруға техниканың жетіспейтінін айтады. Ал ең бастысы: елімізде полигондардың аз ғана бөлігі заманауи экологиялық қауіпсіздік стандарттарына сай салынған. 3 мың полигонның тек 20,6%-ы ғана санитарлық нормаларға сай. Қалғандары толып кеткен, заңдастырылмаған немесе қалдықтарды нығыздаудың ескі әдістерін қолданады.

Бұл тосқауылдар құрылыс қалдықтарын қоғамдық қоқыс алаңдарына тастауға тыйым салумен қоса келесі үлкен мәселеге — өздігінен қоқыс полигондарының үнемі пайда болуына себеп болады. Бұл жағдайға шенеуніктердің жиі айтатын халықтың экологиялық мәдениетінің төмендігінен бөлек, тұрғындардың коммуналдық кәсіпорынға қалдықтарды тым қымбатқа бермей, жүйелі түрде өткізіп тұруына жағдайдың жоқтығы себеп болып отыр. Статистикалық мәліметтер елімізде жыл сайын пайда болатын заңсыз қоқыс полигондарының саны мыңдағанын көрсетеді. Былтыр 5,5 мың ашылып, оның 86%-ы жойылды. Үйінділердің жыл сайын көбеюіне қарап, рұқсат етілмеген үйінділердің пайда болу себептері анықталмайынша, олардың азаймайтыны байқалады.

Мәселен, қалыптасқан қатты тұрмыстық қалдықтардың көлемі 2018 жылы - 4,3 млн.т., 2019 жылы – 4,7 млн.т., 2020 жылы – 4,6 млн.т., 2021 жылы – 4,2 млн.т., 2022 жылы – 4,3 млн.т., 2023 жылы – 4,1 млн.т. болған.

Олардың қайта өңдеу үлесі сәйкес түрде 2018 жылы - 11,5%, 2019 жылы – 14,9%, 2020 жылы – 19,1%, 2021 жылы – 23,4%, 2022 жылы – 25,4%, 2023 жылы – 23,9% болған. Ал жоспар бойынша 2030 жылы қайта өңдеу үлесін 40% жеткізу белгіленген [4].

ҚР Премьер-Министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында ірі қалаларда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу зауыттарын салу мәселесі қаралды.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Үкімет қалдықтарды басқару саласындағы жобаларды жеңілдікпен қаржыландыру тетігін бекіткенін еске салды. Бұл қоқыс таситын көліктерді сатып алуға, сұрыптау желілерін іске қосуға және қайта өңдеу қуаттарына қатысты. Қаржыландыру Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы 3 жылдан 15 жылға дейінгі несие беру мерзімін және 3%-дық сыйақы мөлшерлемесін қарастырады.

Бүгінгі таңда 232 млрд теңгеден асатын 94 жоба іріктелді. Оларды іске асыру төсемтастарды, люктерді, қоқыс жәшіктерін, шыны ыдыстарды, стрейч пленкаларын және басқа да халық тұтынатын тауарлар шығаруды жолға қоюға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ қуаттылығы жылына 3 млн тоннадан асатын сұрыптау желілерін салу және жаңғырту бойынша өңірлер арқылы 21 жоба пысықталды. Жобаларды іске асыру сұрыптау желілерінің қуатын қазіргі 1,7 млн тоннадан 4,7 млн тоннаға дейін жеткізуге, сондай-ақ еліміздің барлық өңірлеріндегі қалалар мен ірі елді мекендерді қамтуға мүмкіндік береді.

Қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу бойынша жалпы қуаттылығы жылына 1,2 млн тоннадан асатын жаңа 37 зауыт салу және жұмыс істеп тұрған 8 зауытты жаңғырту жоспарланып отыр. Бұл өңдеу көлемін жылына 1,4 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді.

Жетісу облысының әкімі Бейбіт Исабаев пен Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірлердегі тиісті инфрақұрылымдық жобалардың іске асырылу барысы туралы хабардар етті.

Отырыста Қазақстан қаптамашылар қауымдастығының басқарма төрағасы Батырбек Әубәкіров жаңа өндірістерді құру және қолданыстағы қуат көздерін жаңғырту туралы баяндама жасады.

Премьер-Министр атап өткендей, республиканың көптеген өңірлерінде әлі күнге дейін коммуналдық қалдықтарды ұтымды жинау мен шығаруға және оларды сұрыптап, қайта өңдеуге жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Оңды-солды рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері пайда болуда. Оларды жою мәселелері уақтылы шешілмейді.

«Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, дамыған елдер тұрмыстық қалдықтарды қайтадан өңдеп, барынша кәдеге жаратуда. Ал, бізде қарапайым сөзбен айтқанда, жиналған қоқысты жерге көме салу, тіпті болмаса таудай қылып үйіп қою үйреншікті жағдайға айналды. Бұл елді мекендердің көркін бұзумен қатар, ешқандай санитариялық, экологиялық нормаларға сай келмейді», — деді Олжас Бектенов.

Премьер-Министрдің айтуынша, тамақ қалдықтарын кәдеге жарату мен қайта өңдеу мәселелері де шешімін таппай отыр. Осыған байланысты қалдықтарды жинаудан бастап, қайта өңдеуге дейін кәдеге жаратудың тиісті тетіктерін әзірлеу қажет.

«Министрлік пен өңірлер бұл жұмысты созбалаңға салып жіберді. Кәсіпорындардың көпшілігі қайталама шикізатты жинаумен, оны буып-түйіп, шетелге сатумен ғана айналысады. Ал, қалдықтарды қайта өңдеп, түпкілікті өнім шығарып отырғандар аз», — деді Үкімет басшысы.

Премьер-Министр мысал ретінде Солтүстік Қазақстан облысындағы «Радуга» компаниясы полиэтилен мен қағаз қалдықтарын қайта өңдеп, халық тұтынатын әр түрлі тауарлар өндіріп отырғанын айтты. Шымкентте «Еврокристалл» компаниясы шыныны қайта өңдеп, ыдыс-аяқ шығарады.

Алматы облысында «KZ recycling» компаниясы макулатурадан қағаз өнімдерін шығарады. Ал Қызылорда облысында әрбір аудан қалдықтарды қайта өңдеуге қатысты өз жобаларын іске асыруда.

Бұл ретте Үкімет басшысы Атырау, Ақтөбе және Абай облыстары көптен бері қалдықтарды сұрыптау желісін іске қоса алмай отырғанын атап өтті.

Олжас Бектенов жалпы, бүкіл әлемде қоқысты қайта өңдеу табысты бизнес болып отырғанын, Қазақстан да бұл бағытта замана көшінен қалмауға тиіс екенін атап өтті.

«Осындай жобаларды іске асыру кезінде кәсіпорындарды экономикалық жағынан ынталандырудың тиімді тетіктері енгізілуі қажет. Оның үстіне, коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу мен сұрыптау жобалары 15 жылға 3% жеңілдікті мөлшерлеменен Өнеркәсіпті дамыту қоры арқылы қаржыландырылатын болады», — деді Премьер-Министр.

Үкімет басшысы сондай-ақ қалдықтар жинау, тасымалдау және қайта өңдеуді жүзеге асыратын кәсіпорындар үшін ЭкоҚолдау төлем бағдарламасының тетігі қайта іске қосылғанын айтты.

«Қалдықтармен жұмыс істеудің нақты жүйесі экономикалық және экологиялық әсер беріп қана қоймай, кәсіпорындар ашуға, жаңа технологиялар тартуға, жұмыс орындарын ашуға да ықпал етеді», — деді Олжас Бектенов.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде Үкімет басшысы қалдықтарды қайта өңдеу саласына инвесторлар тартудың қосымша тетіктерін әзірлеуді, тиісті инфрақұрылымдық жобалары бойынша өтінімдерді жеделдетіп қарау шараларын қабылдауды және толық пайдалануға берілгенге дейін әрбір жобаны сүйемелдеуді қамтамасыз етуді тапсырды. Премьер-Министр осы салада басталған барлық жобаларды іске қосу жұмыстарын жеделдетуді тапсырды [5].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз (2022.19.09. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=51005029&pos=5;-88#pos=5;-88](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=51005029&pos=5;-88#pos=5;-88)
2. «Қазақстан Республикасының Экология Кодексі» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI Кодексі (2024.04.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) // [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=33339998&pos=3;-44#pos=3;-44](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33339998&pos=3;-44#pos=3;-44)
3. Халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифті есептеу әдістемесін бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2021 жылғы 14 қыркүйектегі № 377 бұйрығы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100024382>

4. Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу деңгейі төмендеді // <https://ranking.kz/kz/digest-kz/industries-digest-kz/kazakstanda-katty-turmystyk-kaldyktardy-kayta-ondeu-dengeyi-tomendedi.html>

5. Қазақстанда қатты тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдейтін жаңа 37 зауыт іске қосылады//<https://primeminister.kz/news/kazakstanda-katty-turmystyk-kaldyktardy-kayta-ondeytin-zhana-37-zauyt-iske-kosylady-27502>

## ИНСТИТУТ ОПЕКИ И ПОПЕЧИТЕЛЬСТВА В МЕЖДУНАРОДНОМ ЧАСТНОМ ПРАВЕ

*Алиева Л.Р. м.ю.н., старший преподаватель, Карагандинский университет  
им.академика Е.А.Букетова*

*Карибаева А.Е. доктор PhD, ассистент профессора, Карагандинский университет им.  
академика Е.А.Букетова*

Коллизионные вопросы опеки и попечительства над несовершеннолетними возникают чаще всего в случаях, когда ребенок – гражданин одного государства по определенным причинам находится на территории другого государства, а также в случаях, когда опекун и опекаемый являются лицами разных государств и т.д. [1;6]

При рассмотрении таких вопросов возникает проблема о едином статусе опеки и попечительства: следует ли подчинить опеку и попечительство регулированию единого законодательства или следует допустить расщепление названного статуса так, чтобы часть этих вопросов была подчинена закону одной страны (закону гражданства опекаемого), а часть – закону другой страны (закону гражданства опекуна).

Вопрос о правовой природе опеки над несовершеннолетними считается спорным, поскольку понятие опеки относится к комплексным. С одной стороны, это способ восполнения дееспособности ребенка, с другой – своеобразный институт представительства, без которого практически невозможно защищать права и интересы несовершеннолетних детей. С точки зрения семейного права опека представляет собой одну из форм устройства в семью ребенка, оставшегося без попечения родителей. [2; 185]

Опека (попечительство) над несовершеннолетними преследует две основные цели:

Защиту личных и имущественных прав несовершеннолетних, оставшихся без попечения родителей;

Воспитание ребенка в приемной семье лица, заменившего родителей.

Достижение и той, и другой цели относится в том числе и к несовершеннолетним гражданам. Кодекс РК «О браке (супружестве) и семье» в данном случае делает уточнение:

- над малолетними детьми (не достигшими 14 лет), а также над лицами, признанными судом недееспособными вследствие психического заболевания или слабоумия, устанавливается опека

- над детьми в возрасте от 14 до 18 лет, а также над лицами, ограниченными судом в дееспособности вследствие злоупотребления спиртными напитками и наркотическими веществами – устанавливается попечительство. [3]

В случаях, когда речь идет о защите личных прав подопечного между опекой и попечительством почти нет разницы. Разницу можно увидеть при защите имущественных прав: опекун представляет интересы подопечного, а попечитель помогает ему осуществить свои имущественные права в соответствии с требованиями ст. 22,23 ГК РК. По достижении малолетним подопечным 14 лет опека автоматически трансформируется в попечительство. [4]

Для того чтобы опека выполняла свои функции по надлежащему воспитанию ребенка, законодательством установлен ряд правил, имеющих прямое отношение к семейному воспитанию детей.